

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 86 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позициялар алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар қосылсын;

в) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері белгіленсін;

г) ЕАЭО СЭҚ ТН 4814 90 700 1 кіші қосалқы позициясының атауындағы сөздің ауыстырылуы орыс тіліндегі мәтінге қатысты;

д) ЕАЭО СЭҚ ТН 8442 10 900 1 кіші қосалқы позициясының атауында "әкелу елі" деген сөздер "әкелу елдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 113 шешімімен бекітілген, өтпелі кезең ішінде Армения Республикасы оларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелерінен айырмашылығы бар кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерін қолданатын Тауарлар мен мөлшерлемелер тізбесіндегі ЕАЭО СЭҚ ТН "8482 10 900 1" коды бар позиция атауында "әкелу елі" деген сөздер "әкелу елдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі оларға қатысты кедендік әкелу бажы мөлшерлемелерін өзгерту туралы шешім қабылдайтын, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген сезімтал тауарлар тізбесінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН "0304 81 000 0" коды бар позиция атауындағы "антлантикалық" деген сөз "атлантикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) ЕАЭО СЭҚ ТН "4814 90 700 1" коды бар позиция атауындағы сөздің ауыстырылуы орыс тіліндегі мәтінге қатысты;

в) ЕАЭО СЭҚ ТН "8482 10 900 1" позиция атауында "әкелу елі" деген сөздер "әкелу елдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 86 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша бірлік өлш.
----------------	---------------	------------------------

8411 99 001 1 _ _ _ _ 8411 82 200 2 және 8411 82 600 2
кіші қосалқы позициялардың жабдықтары _

8411 99 001 9 _ _ _ _ өзгелері дана

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 86 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосылатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша бірлік өлш.
----------------	---------------	------------------------

+8411 99 001 1 _ _ _ _ азаматтық әуе кемелері үшін5) _

+8411 99 001 9 _ _ _ _ өзгелері дана

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 86 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажы мөлшерлемесі (кедендік құннан пайызбен не еуромен не АҚШ долларымен)
----------------	---------------	---

+8411 99 001 1 _ _ _ _ азаматтық әуе кемелері үшін5) 5

+8411 99 001 9 _ _ _ _ өзгелері 521С)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК